29. Гозулов А. И. *Переписи населения СССР и капиталистических стран (опыт историкометодологической характеристики производства переписей населения) / Под ред. акад. С. Г. Стумилина.* – М.: ЦУНХУ, 1936.
30. Волков А. Г. *Перепись населения 1937 года: вымыслы и правда // Перепись населения СССР 1937 года. История и материалы. Экспресс-информация. Выпуск 3-5 (часть II).* – М.: Информцентр, 1990. – С. 6-63.
31. ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 27 іс, 32 парақ.
32. ҚР ОММ, 708 қор, 26 тізбе, 65 іс, 91 парақ.
33. *Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1939, 1959, 1970, 1979 и 1989 гг.* – Алма-Ата: Республиканский информационно-издательский центр, 1991.
34. Татимов М.Б. *Социальная обусловленность демографических процессов.* – Алма-Ата: Наука, 1989.
35. Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Казахстанская трагедия // Вопросы истории.* – 1989. – № 7.

#### References:

1. Кенжетев Б.А. *Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции в середине XIX – начале XX вв.* – Казань, 1998. – С. 18
2. Chatybekova K.K. *Kazakhstan v nachale XX veka.* – Almaty, 2001
3. Sadiyaqasuly S. *Tanymdiq zertteuler, makalalar.* – 1 t. – Almaty: Alash, 2003. – 325 b
4. Sadiyaqasov S. *Kazakka ne kerek? // Orten gazetі.* – 1922. – № 6.
5. Nurpeisov K. *Alash ham Alashorda.* – Almaty, 1995. – 64 b.
6. *Otan tarihinyn tagılımdary jane Kazakhstan qogamynyn qayta jangyrui: Xalıq birliгі jane ulttiq tarix jilina arnalğan gylimi sessianyn materyaldari.* – Almaty, 1999. – 3 b.
7. РМ АСТМ, 606 қор, 4 тізбе, 37 іс, 76-77 парақтар.
8. РМ АСТМ (Resey memlekettik aleumettik-sayasi tarix muragaty), 606 қор, 4 тізбе, 124 іс, 13-24 парақтар.

9. Frede, Victoria. *Doubt, atheism, and the nineteenth-century Russian intelligentsia*. University of Wisconsin Press, 2011.
10. Peris, Daniel. *Storming the heavens: The Soviet league of the militant godless*. Cornell University Press, 1998.
11. Leбина N. B., Chistikov A. N. *Obyvatel' i reformy. Kartiny povsednevnoy zhizni gorozhan v gody NEPa i khrushchevskogo desyatiletiya*. – SPb., 2003. – S. 208.
12. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 173 is, 115-121 paraqtar.
13. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 173 is, 124 paraq.
14. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 246 is, 15-16 paraqtar.
15. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 395 is, 13 paraq.
16. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 395 is, 13 artqy paraq.
17. KR OMM, 119 qor, 1 tizbe, 211 is, 147 paraq.
18. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1632 is, 115-117 paraqtar.
19. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1632 is, 121-122 paraqtar.
20. RF MM, R-5263 qor, 1 tizbe, 1455 is, 42-43 paraqtar.
21. Shtyrkov S. *Sovetskiye korni etnicheskogo traditsionalizma // Neprikosnovennyy zapas*. –2011. № 4 (78).
22. Bromley YU.V. *Novaya obryadnost' – vazhneyshiy komponent sovetskogo obraza zhizni // Sotsialisticheskaya obryadnost' i formirovaniye novogo cheloveka*. – Kiyev: Politizdat Ukrainy, 1979. – S. 31.
23. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 450 is, 111 paraq.
24. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 29 is, 7 paraq.
25. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 789 is, 91 paraq.
26. RM ASTM, 4648 qor, 1 tizbe, 450 is, 78-81 paraqtar.
27. Zhiromskaya V.B., Kiselev I. N., Polyakov YU.A. *Polveka pod grifom «sekretno». Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1937 goda*. M.: Nauka, 1996.
28. Alekseyenko A.N. *Naseleniye Kazakhstana v 1926-1939 gg. // Komp'yuter i istoricheskaya demografiya / Pod red. V.N. Vladimirova*. Barnaul: Altayskiy gosudarstvennyy universitet, 2000. S. 9- 26.
29. Gozulov A. I. *Perepisi naseleniya SSSR i kapitalisticheskikh stran (opyt istorikometodologicheskoy kharakteristiki proizvodstva perepisey naseleniya) / Pod red. akad. S. G. Stumilina*. – M.: TSUNKHU, 1936.
30. Volkov A. G. *Perepis' naseleniya 1937 goda: vymysly i pravda // Perepis' naseleniya SSSR 1937 goda. Istoriya i materialy. Ekspres-informatsiya. Vypusk 3-5 (chast' II)*. – M.: Informtsentr, 1990. – S. 6-63.
31. KR OMM, 708 qor, 26 tizbe, 27 is, 32 paraq.
32. KR OMM, 708 qor, 26 tizbe, 65 is, 91 paraq.
33. *Statisticheskii sbornik po otдел'nym pokazatelyam Vsesoyuznykh perepisey naseleniya 1939, 1959, 1970, 1979 i 1989 gg.* – Alma-Ata: Respublikanskiy informatsionno-izdatel'skiy tsentr, 1991.
34. Tatimov M.B. *Sotsial'naya obuslovlennost' demograficheskikh protsessov*. – Alma-Ata: Nauka, 1989.
35. Abylkhozhin ZH.B., Kozybayev M.K., Tatimov M.B. *Kazakhstanskaya tragediya // Voprosy istorii*. – 1989. – № 7.

FTAMP 04.51.59

<https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-8940.05>

А.Қ. Нурғалиев \*

Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ «КИЕЛІ», «ҚАСИЕТТІ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ДІНИ ДИСКУРСТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Дін феноменологиясы бұл ұғымдарды түрлі бағытта әлеуметтік, әлеуметік мәдени контекст тұрғысынан қарастырады. «Кие» ұғымы жаратушы тарапынан тіршілік иесіне берілген Құдайылық, құдыреттілік деген мағынаға саяды. Бұл ұғымдар көбінесе табиғатпен байланысты (жан-жануарлар, өсімдіктер, су, бұлақ, қайнар көздері т.б.) болады. Ал «қасиеттілік» ұғымы дәстүрлі және постдәстүрлі қазақ мәдениеті мен дүниетанымында әулие, әулиелік ұғымдарымен сабақтас жаратушы тарапынан адам баласына берілген ерекше құндылықтар деп қабылдауға болады.

Мақалада қазақ дүниетанымындағы «киелі», «қасиетті» ұғымдарының ролі мен маңыздылығына анықтама беріле келе, оның ұлттық құндылық ретінде атқарар қызметі мен діни наным-сенімдермен, салт-дәстүрмен сабақтастығы, діни сипаты талданады. Бұл ұғымдардың бүгінгі күнге дейінгі жетуі атадан балаға мирас болып қалған дәстүрлі дінде, ауыз әдебиетті, салт-дәстүрде, ырым-жоралғыларда өзінің ролін атқарып келген.

**Түйін сөздер:** дін, қасиетті, киелі, дәстүр, діни дискурс

*A.K. Nurgaliev\**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **THE IMPORTANCE AND SOCIAL MEANING OF THE CONCEPTS "KIELLI", "KASIIETTI" IN THE CONTEMPORARY KAZAKH RELIGIOUS DISCOURSE**

### *Summary*

The phenomenology of religion examines the concept of the "sacred" in different social and sociocultural contexts. These concepts refer to divinity, the power given to living people by the Creator, and are also often associated with nature (animals, plants, water, springs, etc.). Also, the concept of "sacred" in traditional and post-traditional Kazakh culture and worldview can be considered as a special value given to humanity by the Creator, associated with theistic concepts of holiness.

In the article, using some ethnographic examples, the role and meaning of the concept "sacred" in the worldview of modern Kazakhs is determined, its role as a national value and its continuity with religious beliefs, customs and traditions, the religious nature of the Kazakh culture is premodern. The development of these concepts to this day plays a role in our traditional religion, folklore, customs and rituals passed down from generation to generation.

**Keywords:** religion, sacred, holy, tradition, religious discourse

*Нурғалиев А.К.\**

*Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан*

## **СОЦИАЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПОНЯТИЙ «КИЕЛІ», «ҚАСИЕТТІ» В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ РЕЛИГИОЗНОМ ДИСКУРСЕ**

### *Аннотация*

Феноменология религии рассматривает концепции «сакрального» в разных социальных и социокультурных контекстах. Эти понятия относятся к божественности, силе, данной живым людям Создателем, а также часто связаны с природой (животные, растения, вода, родники, родники и т. д.). Также понятие «сакрального» в традиционной и пост-традиционной казахской культуре и мировоззрении можно рассматривать как особую ценность, данную человечеству Творцом, связанную с теистическими понятиями святости.

В статье на некоторых этнографических примерах определяется роль и значение понятия «сакральное» в мировоззрении современных казахов, анализируется его роль как национальной ценности и его преемственность с религиозными верованиями, обычаями и традициями, религиозным характером казахской культуры преמודерна. Развитие этих концепций по сей день играет роль в нашей традиционной религии, фольклоре, обычаях и ритуалах, передаваемых из поколения в поколение.

**Ключевые слова:** религия, сакральное, священное, традиция, религиозный дискурс

### **Кіріспе**

Қазақ халқының ұлттық санасында, дүниетанымында «киелі», «қасиетті» ұғымдарының мәні ерекше маңызға ие. Дін феноменологиясы бұл ұғымдарды түрлі бағытта қарастырады. «Кие» ұғымы жаратушы тарапынан тіршілік иесіне берілген Құдайылық, құдыреттілік деген мағынаға саяды. Бұл ұғымдар көбінесе табиғатпен байланысты (жан-жануарлар, өсімдіктер, су, бұлақ, қайнар көздері т.б.) болады. Ал «қасиеттілік» ұғымы әулие, әулиелік ұғымдарымен сабақтас жаратушы тарапынан адам баласына берілген ерекше құндылықтар деп қабылдауға болады. Көшпелі қазақ халқы өзінің тұрмы-

сында табиғатпен ерекше үндестікте болды. Қазақ халқы өзінің дүниетанымында «киелі», «қасиетті» ұғымдарын өзінің салт-тұрмысының негізі, өзегі ретінде таныды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Бүгінгі уақытта «киелі», «қасиетті» ұғымдарын әлеуметтану, мәдениеттану, психология сынды түрлі гуманитарлық бағыттағы ғылымдарда зерттелініп келеді. Дегенмен, сан түрлі саладағы әлемдік ақпараттық технологияның дамуы, жаһандық ақпараттың енуі дәстүрлі дінге, мәдениетке жалпы ұлттық рухани құндылықтарға жан-жақты қарқынды әсер етуде. Осы орайда, қазақ дүниетанымындағы бұл ұғымдардың теориялық-әдістемелік негізін, діни маңыздылығын талдап, мән-мағынасын ашып кейінгі жас буын өкілдеріне түсіндіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

### **Зерттеудің әдіснамасы**

Қазақ дүниетанымындағы «киелі», «қасиетті» ұғымдарынның заманнауи діни дискурстағы маңыздылығын зерттеу ауқымды тақырыптардың бірі. Бұл ұғымдардың мән-мағынасын ашып, діни феноменологиялық сипатына талдау жүргізу, мазмұнын айқындау гуманитарлық бағыттағы философия, мәдениеттану, әлеуметтану, тарих сынды ғылымдарының әдіснамалық негізіне басымдық беріледі. Осы тұрғыда, зерттеу жұмысын жүргізуде гуманитарлық ғылымдар жүйесінде орныққан герменевтикалық, салыстырмалы компаративистикалық зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Қазақ халқының дүниетанымында «киелі» «қасиетті» «сакралды» ұғымдарының мәні ерекше маңызға ие. Дін феноменологиясы бұл ұғымдарды түрлі бағытта қарастырады. Бұл ұғымдардың бір-біріне өте жақын, синонимдес ұғым болып табылғанымен де мағыналық сипаты түрлі болып келеді. Бұл ұғымдарды сабақтастыра отырып мынадай анықтама беруге болады. «Қасиет – адамның не бір заттың өзіне тән сапалық болмысын, ерекшелігін айқындайтын ұғым» [1, 659 б.]. «Кие – қандайда бір заттың тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылысым күшін білдіретін ұғым» [1, 559б.]. «Кие» ұғымы жаратушы тарапынан тіршілік иесіне берілген Құдайылық, құдыреттілік деген мағынаға саяды. Қасиетті деген ұғым осы Құдайылық, құндылықтарды, белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруда қолданылады. Жаратушы, Құдайылықпен байланысты діни салт-жоралғыларда қолданатын заттарды атайды (Қасиетті Құран). Көбінесе аластау, тазару мақсатында сипатталады. Сакралды ұғымының мағынасы (ағыл. Sacral, латын тілінде sacrum – қасиетті, құдіретті)- нақты бір нысанға айрықша анықтама беріп, күнделікті қағидалар мен заттардан басқаша иррационалды, мистикалық мән-мағына беретін дүниетанымдық категория.

Белгілі әлеуметтанушы Э. Дюркгейм барлық діндерді әлемді пендешілік және қасиетті деп екі салаға бөліп көрсетеді. Э. Дюркгеймнің пікірінше сакралдылық әлеуметтік құбылыс деп қарастырады. Қоғамдағы топтар өздерінің әлеуметтік моральдық ниеттеріне қасиеттілік, белгілерін береді [2, 6б.]. Р. Отто қасиетті, киелі ұғымдарын иррационалды бастама деп анықтама береді. Ол өзінің «Святое» атты еңбегінде «сакралдылық», «киелілік», «қасиеттілік» ұғымдарын түсіндіру үшін түрлі анықтамаларды қолданады. Ғалым өзінің зерттеулерінде киелі категориясының априорлық негізін анықтап береді. Р.Отто «киелі» ұғымының орнына «нуминоз» сөзін қолданады. «Нуминоз» сөзі латын тілінен аударғанда «numen» құдайдың құдіреттілігінің белгісі деген мағынаны береді. «Нуминоз» ұғымының психологиялық ерекшелігін анықтай келе «misterum tremendum» (адамды экстатикалық күйге түсіретін) құпияға сендіретін сезім) сезімімен ұштастырады. Киелілікті сипаттайтын сезімнің бір түрі «fascinans» сезімі құпиямен байланысқа түсудегі әрбір адамның бойында пайда болатынмасаттану, тартылыс таңғалдырарлық сезімнің пайда болуы. Нумизондық сезімдер кешені пайда болған жағдайда ол абсолютті құндылық дәрежесіне ие болады. Р. Отто бұл құндылықтарды «sangtum» латын тілінен аударғанда «қасиетті, «киелі» деп атайды. [3, 7 б.] Қазақ дүниетанымындағы діни наным-сенімдердің бастауында тұрған осы ұғымдар үлкен мәнге ие. Кие, киелілік Жаратушыдан берілген Құдайылық сипаттағы ұғым екені ұлт дүниетанымында өзінің маңызды рөлін атқарып келді. Қазақ халқы табиғаттың әрбір қырына бейімделіп, онымен байланысып отырған (күн, ай, жұлдыз, от, су, жан-жануарлар, өсімдіктер, бұлақ, қайнар көздері т.б.) болады. Қазақ халқының киелі кеңістігіндегі киелі шаңырақ, киелі орда, киелі босаға, киелі мекен, киелі бесік, киелі аспап, киелі сан сынды ұғымдар қалыптасқан. Бұл ұғымдар діни аңыздар арқылы тарап өзінің киелілік тұрғысынан үлкен мәнге ие болып отырған. Сондай-ақ, дәстүрлі тұрмыста әрдайым от, жер, су сынды дүниелерге табыну ғұрыптары қылыптасқан. Ежелгі діни наным-сенімдердің кейбір белгілері әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерде бүгінгі күнге дейін жеткен. Қазақ әдет-ғұрыптарында әлі де бар. Бұл туралы Ш. Уәлиханов өзінің этнографиялық зерттеулерінде былай деп жазады: «Қырғыздар «кие» ұғымын ерекше күштерді, мысалы, отқа, кейбір жануарларға, құстарға және көшпелі тұрмыста пайдалы әртүрлі заттармен байланыстырады және осы ерекше

ырым-жоралғылардың орындалуы «құттың» байлық пен бақыттың, жақсылықтың келуін білдіреді, ал бұлардың орындалмауы – кедейлік пен қандай да бір зұлымдықты алып келеді деп ойлап, оларға белгілі бір ерекше құрмет көрсетеді. «Кие» күші бар заттар киелі деп аталады, ал олардың жазалаушы күші кесір (кесір)» [4,166-167 б]. (ауд. авт.) Көбінесе табиғатпен оның ішінде жан-жануарларға байланысты «киелі», «қасиетті» ұғымдарының мәні бүгінгі күнге дейін аңыздар, қиссалар арқылы діни түсініктер қылыптасып адам санасында сақталып айтылып келеді. Қазақ халқының таным түсінігінде аққуды, киікті атпа яғни атуға болмайды киесі ұрады, қарлығашқа, дәуітке тиіспе деген ұғым қалыптасқан. Бұның астарында діни аңыздар жатыр. «Діни қиссаларда Адам ата жерге түскен кезде пейіштен інжірдің бес жапырағын алып түскен екен. Сол жапырақтың біреуін бал арасы, біреуін жібек құрты, біреуін киік жеген деп айтылады. Қалған екеуін Адам ата жерге егіпті. Киік пейіштің жемісін жегендіктен киелі аңға айналыпты» [5, 80-81 б]. Осындай киелі аң-құстарға зиянын тигізгендер қандай да бір жаманшылыққа кез болып жатады. Белгілі дінтанушы ғалым А. Қ. Муминовтың пікірінше «Родословное древо Мұхтара Аузова» атты ғылыми еңбегінде «кие», «қасиетті» ұғымдарының киелі жерлердегі сакралдылық мәніне анықтама бере келе "Қасиетті жерлерде бұлақ бастарында балықтар, кесене ішінде өмір сүретін көгершіндер оның айналасында өскен ағаштар болады. Оларға қол жұмсауға, ұруға немесе өлтіруге болмайды. Оларға кері іс-әрекет жасағандарға сол жердің киесі ұрады, қарғысқа ұшырайды, жаман іске ұрынады болмаса аяқ астынан қайтыс болады». [6, 123 б.]. Бұл жерде – деп «кие», «қасиетті» ұғымдарының киелі жерлердегі сакралдылық мәнінің айрықша рөл атқаратының маңыздылығына тоқ алады. Осыған байланысты қазақ ертегілерінде кездесетін аң, құс хайуанат жөніндегі өте ескі замандарда сол жәндіктерді ғажайып сиқыры бар деп танып, ескілікті шалағай, бұлдыр ұғым-наным тотемдік діннің түсінігі бар екенін көреміз». Яғни мұның түпкі бастауында діни аңыздардың, діни түсініктер көрініс тапқан. Оны бүгінгі күнге дейін жеткен түрлі аңыз-әңгімелерден көруге болады. Жоғарыда аталған анықтамалар заманауи діни дискурста өзінің мәнін үзбей жалғасып келе жатыр. Мәселен, домбыра музыкалық аспабының басына, көліктің ішіне, үйдің қабырғасына, бас киімге үкі дейтін құстың қауырсынын тағу өте кең таралған. Үкі қауырсынын кие тұту туралы «Салт-дәстүр сөйлейді Отбасы хрестоматиясында» төмендегідей діни аңыздардың бірінде былай айтылады: «Ертеде топан су тартылып, Нұх пайғамбар кеме шалдыратын жер іздейді. Сол кезде әлемдегі асқар тулар: Нұх маған тоқтайды. Адамзат ұрпағы менен қайта таралад, – деп таласыпты. Тұран даласындағы Қазығұрт тауы ғана сынықтық көрсетіп: – Бұл дәрежеге лайық емеспін. Ұлық Алла орынбасарын биік тауға тоқтатар, - дейді. Алла Қазығұрттың кішіпейілділігіне риза болып: Нұх, кемені Қазығұртқа қондыр. Тіршілік сол жерден басталсын деп әмір береді. Нұх: Қазығұрт тауы қайда? – дейді. Ұлық Алла үкі деген құс жараты: Мына үкіні қасыңа ал. Оның көзі өткір, түнде көреді. Қазығұртқа баратын жолды сол біледі, -дейді. Үкі қазығұртқа жеткенше кеменің алдында жол көрсетіп, ұшып отырады. Нұх Қазығұрт тауны аман-есен тоқтайды. Үкіге риза болған Нұх пайғамбар: Орман тоғайдың иесі бо! Шаңырағымның киесі бол! – деп бата береді. Содан үкіге айрықша кие дариды». [5, 67 б.] Осындай діни аңыздардың бүгінгі күнге жетуінің нәтижесінде кішкентай баланың бесігіне, бас киімге, көліктің ішіне, домбыра аспабының басына үкінің қауырсынын іліп қою дәстүрі қалыптасып, оның адамға тек жақсылық әкелу нышанын көрсетіп отыр. Мұнда біз кейінгі авраамиялық (бұл жағдайда исламдық) сюжеттер автохтонды анималитикалық нанымдардың негізіндегі діни синкретизмнің жарқын үлгісін көреміз.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Мұсылман әлемінде құран мәтіндері жазылған әшекейлер зергерлік бұйымдар өте танымал болды. Заманауи діни дискурста Қасиетті Құранның маңызы өте зор. Қазіргі мұсылман мемлекеттерінің және көптеген ислам қауымдастықтарының мәдени және әлеуметтік-саяси өмірінде қасиетті кітаптың маңыздылығы жоғары. Қазіргі мұсылман идеологтары мен насихатшылары оның идеялары мен бейнелеріне бұрынғыдай жүгінеді. Бүгінгі күні Құран сүрелері мен аяттары жазылған кез-келген бұйымдарды кездестіруге болады. Бұрын қазақ дүниетанымында «тұмар» ұғымы үлкен мәнге ие болған. Құран сүрелері мен аяттары көбінесе осы тұмарға жазылған. Бұл туралы Ш.Уәлиханов өзінің «Талисманы от глазу, от нечистых духов от разных болезней» деген этнографиялық зерттеулерінде былай дейді: «Қырғыздар қазір магометандық, каббалистикалық дұғаларды қолданады және оларды тұмар деп атайды, бұрынғы жылдары талисмандар негізінен заттық дүние, атап айтқанда, жануарлар мен құстардың денесінің әртүрлі бөліктері, жануарлардың сүйектері және басқа тастар болған.» [5, 19 б]. (ауд.автор) Яғни, тіл-көзден, жаман ойлардан арылып сақтану үшін құран аяттары жазылған тұмарларды жиі қолданған. Тұмар атауының шығу тарихы туралы белгілі ғалым А.Сейдімбектің «Қазақ әлемі» атты еңбегінде төмендегідей анықтама берілген: «Аса киелі саналатын дәстүрлі

ырымдардың бірі – тұмар тағу. Тұмар тағу ислам дінінен ада, байырғы тркілік дәстүр. Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі түркілер, берісі көгпелі қазақ үшін Күн , көк, от, су сияқты Жер де киелі. «Қара Жер» – киелі деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде «тума ер», «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне дұға жазып салып қою қалыптасты». [7, 272 б.] Тұмарлар көбінесе үшбұрышты түрлі қалыптағы түрлері болған. Көбінесе мойынға, кеудеге, арқаның сол жақ бөлігіне тағылған. Сондай-ақ, бас киімге, сырт киімге таққан. Тұмарларды әйелдердің босануында да жеңілдету үшін қолданған. Тұрмыстық жағдайда салатанатты үйлену киімдерінің маңызды элементтерінің бірі болды, өйткені қалыңдық әсіресе қараңғы күштердің әсерінен болады деп сенді. Тұмар тағып жүруге байланысты қазқтың салт-дәстүрі мен ырым-тыйымдарының шығуына себеп болған діни аңыздар мен қиссалар топтастырылған «Салт-дәстүр сөйлейді Отбасы хрестоматиясында» мұсылман қауымына кең тараған діни аңыздың бірі былай баяндалады: «Мұхаммед пайғамбардың заманында Тафашат атты бір көзі соқыр әйел болыпты. Егер ол тасқа назар салса, тас уатылып кетеді екен. Адамға назар салса, ол заматта құлайтын болыпты. Кәсірлер Мұхаммед пайғамбарды мұқату мақсатымен атышулы әйелді оның немерелеріне айдап салады. Тафашат Асан мен Үсенге назар салғанда олар қалтырап-дірілдеп, естерінен танып қалады. Бұл пайғамбардың көңіліне қайғы салады. Сол сәтте Жебірейіл періште бір дұға жеткізіпті. Ол «Аятүл күрсі» дұғасы екен. Пайғамбар «Аятүл күрсіні» оқып үшіргенде тафашаттың сиқыры сынады. Осыдан кейін пайғамбар «Аятүл күрсі» дұғасын қағазға жаздыртып, екі немересінің мойнына тұмар етіп іліпті. Діни аңыз бойынша тұмарды ең бірінші Асан мен Үсен таққан екен.» [5, 167 б]. Алматы облысының тұрғыны болған Әбдірахман Нұрғалиұлының (1922-2010) айтуынша әкесі Нұрғали Жетісудың оңтүстік батыс аймағында діни білімі бар беделді адам болғанын айта келе әкесі Нұрғали молдаға жергілікті ауыл тұрғындары және сырт аймақтан келгендер Құран аяттары мен сүрелері жазылған тұмар жаздырып алатынын жиі айтатын.

Діни феноменологияда әулиенің киесі деген ұғым қалыптасқан. Бұл қазақ даласындағы бойына әулиелік, көріпкелдік қасиет қонған әулие адамдарға байланысты айтылады. Маңғыстау өңірінен 362 әулиенің тарағаны ерекше құбылыс. Бұл жерде әулиелердің санының ерекшелгі артып, киеліленіп Маңғыстау өңірінің тұрғындары арасында ерекше қасиетті мәнге ие болған. Олай дейтініміз сол өңірдегі тұрғындар «әулиенің бұлағы», «әулиенің киіктері», «әулиенің ағашы» дейтін киелі ұғымдармен қатар 362 (үш жүз алпыс екі) санына да ерекшелікпен қарайды. Бүгінгі заманауи діни дискурста әулиелер мен қатар олардың санының киелілік сипатқа ие болуы ерекше құбылыс. Маңғыстау өңірінде 362 (үш жүз алпыс екі) санымен байланысты көлік нөмірлерін, пәтер нөмірлерін, дүкен атауларын, киімдерге 362 нөмірін тағу сынды ерекшеліктер байқалады. Бұны діни дискурстағы киелі, қасиетті ұғымдарының аймақтық ерекшелігі деп атауға толық негіз бар. Қазақ дүниетанымындағы үш, бес, жеті, қырық сандарын киелі, қасиетті деп таниды. Көбінесе осы сандар басқа сандарға қарағанда діни аңыз-әңгімелерде, қиссаларда, салт-дәстүрде ерекше көрініс тапқан. Мұнда қазақ халқының дүниетанымынан туындаған діни, рухани күштің бар екенін байқаймыз. Сандарға тек жәй сан ретінде қарамай оның киелілік тұрғыдағы мәнін ашып көрсетудің маңызы жоғары. Белгілі ғалым Қ. Ғабитханұлы өзінің «Киелі сандар жүйесіндегі халықтық дүниетаным» деген мақаласында сандардың киелілігін зерттей келе І. Кеңесбаевтың анықтамасы былай берілген: «Түрік халықтарында «жеті» саны айрықша орын теуіп, идеологияның бір саласы – тілге терең тамырын жіберген, көп халықтарда «жетінің» арнаулы киелі, қасиетті болған үш, тоғыз, қырық сандары да жеті тәрізді тілде «киелі функцияда» қолданылған» дейді [5,104 б]. Жеті жарғы, жеті ата, жеті күн, жеті қазына деген ұғымдар қалыптасқан. Халық дүниетанымында ерекше сандар категориясына жатады. Жеті санының көнеден бері түрлі қағидалар негізінде сақаталып бүгінгі күнге дейін өзінің құндылығымен ерекшеленуі оның киелілігінің болуы. Қазақ дүниетанымында жеті санына байланысты аңыз-әңгімелер көптеп кездеседі. Солардың бірі «Жеті қазына» ұғымы. Бұл туралы Қ. Ғабитханұлы өзінің «Киелі сандар жүйесіндегі халықтық дүниетаным» деген мақаласында былай түсініктеме береді: Халықымыздың ертедегі дүниетанымында «жетінің» орны бөлек болған. Мәселен, ер жігіттің басына өмір тіршілігіне қажетті жеті түрлі асыл заты болуы керек деп түсіндіреді. Олар: жүйрік ат, құмай тазы, сұлу әйел, берен мылтық, қыран бүркіт, қанды ауыз қақпан, майланған ау жылым, өткір кездік. Бірақ «жеті қазына ұғымы бұнымен шектелмейді. Оны халық: ер жігіттің атта – қаны, қыранда – қуаты, тазыда – берік сенімі, мылтықта – оты, қақпанда – серті, ау-жылымда – әдіс айнасы, кездікте – сұсы болады» деп тарқатады. [8, 114-115 б]. Көріп отырғанымыздай, қазақтардың дәстүрлі және постдәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымында жеті саны жәй сан жағынан ғана емес, сонымен қатар

нақты киелі мифологемалар мен табиғи философияларды да көрсететенін осындай қазақтың дүниетанымында кеңінен орын алған аңыз-әңгімелерден, қисса-дастандардан көреміз.

Дінде отқа табыну немесе табиғаттың ерекше құбылыстарына табыну сынды сенім түрлері қазақ халқының салт-дәстүрінде көрініс табады. Отпен байланысты наным -сенім дәстүрлі ислам дінімен байланысып өзінің мәнін жоймай келеді. Оның мысалы ретінде бүгінгі күнгі шаңыраққа жаңа түскен келіннің отқа май құюы, адыраспан өсімдігін тұтатып үй ішін, ауласын, көлік сынды заттарды жамандықтың алшақ болу мақсатында аластауы. Ел аузында арша, адыраспан өсімдіктерін арнайы дұға оқығаннан кейін жұлып алатын болған. Өйткені бұл өсімдіктердің мәні киелі, қасиетті деген ұғымдарға саяды. Бұдан халықтың әлеуметтік психологиясында оттың күші мен қасиетінің маңыздылығы ерекшеленіп үлкен мәнге ие болып отыр. Қазақ халқының ұғымындағы «Отбасы ошақ қасы», отағасы, отанасы деген ұғымдардың мағыздылығының жоғары болуы осыны дәлелдейді [9, 98 б.].

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе бүгінгі күні қазақ дүниетанымындағы «қасиетті», «киелі» ұғымдарының заманауи діни дискурста, діни әлеуметтануда мәнінің жоғалмай керісінше қоғамда бұл ұғымдардың ауқымы кеңейіп, жастар арасында діни сананың қалыпты болуын және ұлттық бірегейлікті сақтаудың ортақ факторына айналып отырғанын байқаймыз. Сонымен қатар, бұл ұғымдардың бастауын ислам дінінен алып дәстүрмен астасқан бұл «қасиетті», «киелі» ұғымдарының бүгінгі заманауи діни дискурста да мәнін жоғалтпай жалғасын табуы қазақ халқының дәстүрлі дінінде, мәдениетінде, руханиятында, жалпы ұлттық дүниетанымындағы өміршеңдігінің белгісі.

Сонымен, қазіргі кезде қоғамдағы ұлттық-мәдени, діни айырмашылықтың объективті құбылыс екенін мойындай отырып, сол айырмашылықты өзара келісім мен ынтымақтастықтың іргетасына айналдыру, басқа адамға, ұлтқа және дінге толеранттықпен қарау қажеттілігі маңызды мәселесі екені дау тудырмайды. Бүгінгі таңда талданған түсініктерді қабылдау, насихаттау, жаңғырту қоғамда тұрақты рухани-ізгілікті бағдарлар жүйесін қалыптастырады. Зайырлы елімізде бұл ұғымдарды дәріптеу басты мақсат болып табылады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2003. – Т.5. – 659б. ; – 2003. – Т.4. -559б.
2. Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни / Э. Дюркгейм // Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. – М. : Канон, 1998. – С. 174–231
3. Р. Отто «Священное» 36 б. – Қарау режимі: [www.royallib.ru](http://www.royallib.ru)
4. Ш. Уәлихановтың Таңдамалы шығармалары. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. – Алматы, 1958. – 166-167 б.- 67 б.
5. Салт-дәстүр сөйлейді отбасы хрестоматиясы. – Алматы, 2014. – 80-81 б., – 167 б.19
6. Муминов А. Қ. Родословное древо Мухтара Аuezova. – Алматы: Жібек жолы, 2011. -123 б.
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы, 1997. – 272 б.
8. Қ. Ғабитханұлы Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. Алматы 2006. – 114-115 б.
9. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев VIII том – Алматы: «Қазақ Энциклопедиясы» бас редакциясы 98 б.

### *References:*

1. Kazakstan Ultyk enciklopediyasy. -Almaty, 2003. – T.5. – 659b. ; – 2003. – T.4. -559b.
2. Dyurkgejm E.H. Ehlementarnye formy religioznoj zhizni / E.H. Dyurkgejm // Mistika. Religiya. Nauka. Klassiki mirovogo religiovedeniya.
3. R. Otto «Svyashchenoe» 36 b. – Qarau rejimi: [www.royallib.ru](http://www.royallib.ru)
4. Sh. Ualikhanovtyn Tandamaly shygarmalary. Kazaktyn memlekettik korkem adebiet baspasy. – Almaty, 1958. – 166-167 b. – 67 b.
5. Salt-dastur sojlejdi otbasy khrestomatiyasy. – Almaty, 2014 zh. 80-81 b., 167 b. 19
6. Muminov A.Қ. Rodoslovnnoe drevo Muhtara Auezova. – Almaty: Zhibek zholy, 2011. -123 b.
7. A. Sejdimbek Qazaq alemi. – Almaty, 1997.- 272 b.
8. K. Gabitkhanuly Kazak mifologiyasynyn tildegi korinisi. – Almaty 2006.- 114-115 b.
9. «Kazakstan»: Ultyk enciklopediya / Bas redaktor A. Nysanbaev VIII tom-Almaty: «Kazak Enciklopediyasy» bas redakciyası 98 b.

Л.Исова<sup>1</sup>, А. Әділжан<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ОҢТҮСТІК ҚЫТАЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ КӨШБАСШЫЛЫҚ КҮШ БАҚТАЛАСЫ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ТӘРТІПТІҢ КЕЛЕШЕГІ

*Аңдатпа*

Оңтүстік Қытай теңізі мәселесі Қытай-Американдық «Жаңа қырғи қабақ соғыс» параметрлері бойынша айқын және сәйкесінше қазіргі таңда маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ең маңыздысы, бұл жерде Қытайдың үстемдікке деген түпкілікті мақсатын байқауға болады, сондай-ақ оның әлдеқайда кіші және әлсіз көршілеріне ауыр зардаптар әкелуі мүмкіндіктері де жоқ емес. Қырғи-қабақ соғыстан кейінгі оптимизм мен батылдықтың серпінімен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы (АСЕАН) кеңірек Шығыс Азия аймағында неғұрлым инклюзивті, тұрақты және жан-жақты тәртіпті құруға ұмтылды. Мысалы, АСЕАН аймақтық форумы (АРФ) АҚШ, Қытай, Жапония, Үндістан, Австралия, Еуропалық Одақ және соңғы кезде Ресей сияқты барлық ірі державалар арасында конструктивті және институционалды диалог үшін бұрын-соңды болмаған платформаны ұсынды.

Жалпы айтқанда, Оңтүстік Қытай теңізі мәселесі негізінен АҚШ, Оңтүстік-Шығыс Азияның кейбір елдерімен, және Қытайдың қатысуымен Оңтүстік Қытай теңізінің егемендігіне қатысты дауларға байланысты болып келеді. Мақалада Оңтүстік Қытай теңізіндегі қақтығысты аймақтағы өзара күштер тепе-теңдігін талдай отырып, АҚШ пен Қытайдың аймақтық көшбасшылықтағы бақталастығы талданады.

**Түйін сөздер:** Қытай, Оңтүстік Қытай теңізі, АСЕАН, АҚШ, әскери күш, аймақтық көшбасшылық, қақтығыс, күштер тепе-теңдігі, аймақтық және әлемдік қауіпсіздік.

*L. Issova<sup>1</sup>, A. Adilzhan<sup>1\*</sup>*

<sup>1</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## HEGEMONIC POWER RIVALRY IN THE SOUTH CHINA SEA AND THE FUTURE OF THE GLOBAL ORDER

*Abstract*

The issue of the South China Sea is obvious in terms of the Sino-American New Cold War, and is one of the most important issues today. Importantly, China's ultimate goal of dominance can be seen here, as well as its potential to have serious consequences for its much smaller and weaker neighbors. In the wake of the post-Cold War optimism and courage, the Association of Southeast Asian Nations (ASEAN) has sought to create a more inclusive, stable and comprehensive order in the wider East Asian region. For example, the ASEAN Regional Forum (ARF) provided an unprecedented platform for constructive and institutional dialogue between all major powers, such as the United States, China, Japan, India, Australia, the European Union and Russia.

In general, the issue of the South China Sea is mainly related to disputes over the sovereignty of the South China Sea with the participation of the United States, some countries in Southeast Asia, and China. The study analyzes the conflict in the South China Sea through the balance of forces in the region, and the US and China's position on regional hegemony.

**Keywords:** China, South China Sea, ASEAN, USA, military power, regional hegemony, conflict, balance of power, regional and global security.

Исова Л.<sup>1</sup>, Әділжан А.<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

## СОПЕРНИЧЕСТВО ЗА ГЕГЕМОНИЮ В ЮЖНО-КИТАЙСКОМ МОРЕ И БУДУЩЕЕ ГЛОБАЛЬНОГО ПОРЯДКА

### Аннотация

Проблема Южно-Китайского моря является очевидной и, соответственно, одной из самых важных на сегодняшний день проблем в китайско-американской «Новой холодной войне». Что наиболее важно, здесь можно увидеть конечную цель доминирования Китая, а также вероятность серьезных последствий для его гораздо меньших и более слабых соседей. На волне оптимизма и решительности после окончания холодной войны Ассоциация государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН) стремилась к построению более инклюзивного, стабильного и всеобъемлющего режима в более широком регионе Восточной Азии. Например, Региональный форум АСЕАН (АРФ) недавно представил беспрецедентную платформу для конструктивного и институционального диалога между всеми крупными державами, такими как США, Китай, Япония, Индия, Австралия Европейский Союз и в последнее время Россия.

В целом, проблема Южно-Китайского моря, в основном, связана с конфликтами по поводу суверенитета Южно-Китайского моря с участием США, некоторых стран Юго-Восточной Азии и Китая. В исследовательской работе анализируется равновесие сил в зоне конфликта в Южно-Китайском море и соперничество между США и Китаем за позицию региональной гегемонии.

**Ключевые слова:** Китай, Южно-Китайское море, АСЕАН, США, военные силы, региональная гегемония, конфликт, равновесие сил, региональная и глобальная безопасность.

### Кіріспе

XX ғасырдағы екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезең, Азиаттық-Тынықмұхиттық аймақтағы мемлекеттердің даму қарқыны мен отарсыздану үдерісінен кейінгі халықаралық бағдарлар Оңтүстік Қытай теңізінің географиялық орналасуы мен геосаяси ортасына сай, теңіздің құқықтық мәртебесі мен әлеуетін айқындайтын бірқатар аймақтық сипаттағы мәселелерді туғызды. Алайда, Оңтүстік Қытай теңізінің мәселесі Оңтүстік Қытай теңізінің бейбіт дамуына, әсіресе Оңтүстік Қытайдағы геосаясаттық шектеулерге қатты әсер етті. Оңтүстік Қытай теңізінің құндылығы аталмыш аумақтың бәсекелестік, қақтығыстар мен халықаралық қатынастардағы ынтымақтастықтың басты бағыты болып табылатын аспектіге ие болып отыр.

Географиялық тұрғыдан Оңтүстік Қытай теңізі Малакка мен Каримата бұғаздары мен Тайвань бұғазы арасында орналасқан [1]. Аймақтың жұмбақ және таңғажайып табиғаты мен көмірсутекті су қоймаларына байланысты бұл аймақ үнемі ірі державалар үшін бәсекелестік элементі болып қала берді. Жалпы алғанда, Америка Құрама Штаттары әрқашан нарыққа еркін кіруді және навигация еркіндігін қолдайды. АҚШ бұл саясаты Оңтүстік Қытай теңізінде де көрінеді [2]. 11- қыркүйек оқиғасына байланысты Құрама Штаттар Ирак, Ауғанстан, Сирия, Украина, Иран және Солтүстік Кореядағы ішкі мәселелерге де ден қоя бастады. Бұл кезеңде қытайлық билікте сыртқы амалдарында Азия-Тынық мұхиты аймағындағы экспансиялық саясатты толық қолдана бастады. Көптеген даулы және жасанды түрде салынған аралдар Қытайдың мемлекеттік егемендік тізіміне енгізілді [3]. Керісінше, Вашингтон Азияның Тынық мұхиты аймағындағы қытайлық толқуды ұстауда саясаттың бірізділігі, беріктігі мен келісімділігінің жоқтығына куә болды.

«Скарборо Шоал» оқиғасы 2012 жылы болды, Филиппин мен Қытай арасындағы үш айға созылған қарама-қайшылық, Оңтүстік Қытай теңізінің динамикасын толығымен өзгертті [4]. 2014 жылы АҚШ Филиппин президенті Бенигно Акиномен қорғаныс пактісін (ұзартылған қорғаныс ынтымақтастығы туралы келісім) қайта талқылады, ол төтенше жағдайларда соңғы елдегі бес әскери базаға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сол сияқты, 2016 жылдың наурызында АҚШ Қытайдың талаптарын ашық түрде жоққа шығарды және Оңтүстік Қытай теңізіне әскери кемелерін Джон Стеннис, екі эсминец және екі крейсер кіргізді. Алайда, АҚШ күштерді болжау саясаты Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қытайлық флоттың үстемдігіне қарсы тұруға бағытталған болатын.

Аймақтық шиеленіс әсіресе, 2018 жылдың тамызынан кейін, Жапония жағалауындағы Оңтүстік Қытай теңізінде американдық армада әскери кемелерінің қозғалысы қытай-жапон қаһарына қауіп төндіргеннен кейін маңызды сипатқа ие болады. Кейінірек, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы,

Ұлыбритания мен Францияның да бірлескен, АҚШ-Жапония әскери-теңіз жаттығуларына қатысуы Сауда соғысының жаңа дилеммасын қозғайды. Саяси пікірталастардағы мүдде дилеммасының түрпатындағы екі ел басшылары, Д.Трамппен Си Цзиньпин арасындағы «сөздік теке-тірес» біраз уақытқа созылады. Нәтижесінде, АҚШ қытайлық тауарлардың импортына 200 миллиард долларлық 25 пайыздық тарифтерді енгізді. Оған жауап ретінде Қытай үкіметі АҚШ, 60 миллиард долларлық тауарларына ұшақтар мен сұйытылған табиғи газдан тұратын тарифтерді енгізеді[5].

Жалпы алғанда, Оңтүстік Қытай теңізіндегі басым бәсекелестік көшбасшылық бәсекелестер, яғни Америка Құрама Штаттары мен Қытай арасындағы тағы бір қырғи-қабақ соғысты тудыру мүмкіндігіне ие. Оңтүстік Қытай теңізі әлемнің назар аударатын аймақтақ мәселелердің бірі. Көптеген авторлар «екінші қырғи-қабақ соғыс, бірінші қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін бейресми түрде басталды және бұл қырғи-қабақ соғысты АҚШ пен Қытай жүргізеді» деп санауды сараптай бастайды. Бұл «қырғи-қабақ соғыста» Оңтүстік-Шығыс Азия мүдде қайшылығының эпицентрі болып саналады. Қытай өзінің ірі экспортық нәтижесінің арқасында екінші ірі экономика болып табылады және оның үлкен саудасы теңіз арқылы жүзеге асырылады. Америка Құрама Штаттары Оңтүстік-Шығыс Азиядағы шағын елдерді қытайлық экономикалық өсімді ұстап тұру үшін қолдайды, бұл тек оның аймақтық деңгейде ғана емес, халықаралық аренада да келесі гегемон болу мүмкіндіктерін тежеуге болады [6].

### **Зерттеудің әдіснамасы**

Экономика көп полярлы халықаралық саяси жағдайда көшбасшылықтың негізгі «өнімі» болып саналады. Алайда, жаһандану дәуірінде геэкономикалық факторды жоққа шығарды және геосаяси және стратегиялық индикаторларды ХХІ ғасырдағы мемлекеттердің бірінші кезектегі міндеттеріне қойды [7]. Теңіз және мұхит ресурстарының шешуші рөлі – бұл халықаралық саяси аренада гегемондарға негіз қалайтын даусыз факт. Осыған байланысты Оңтүстік Қытай теңізі аймағы – ұлы державалық антагонизмнің ортақ бәсекелестік аймағы.

Оңтүстік Қытай теңізіндегі оқиғаларды ескере отырып, мұндай сценарийде реалистер әлдеқайда басым деп айтуға болады. Органски «билік үшін күрес» (реализм) немесе «билік циклі» – билікке жету, оны ұлғайту және қолдау – халықаралық жүйені қанағаттандырмайды деп есептейтін күштердің ауысу тұжырымдамасын ұсынды. Біртұтас алып держава мен көптеген үлкен державалар бар халықаралық жүйе, ең алдымен, үлкен державалардың күшінің жоғарылауына немесе ұлғаюына байланысты бұзылуы мүмкін, сондай-ақ гегемон мұндай оқиғаларды қауіп деп санайды. Органски «соғыс төмендеп келе жатқан гегемонды ығыстыру әрекеті кезінде тез дамып келе жатқан басталуы мүмкін» деп мәлімдеді. Қуат ауысу теориясының негізгі жорамалы бар гегемонға екінші үлкен күш қарсы тұрғанда соғыс басталады деп айтады. Ұлы державалардың параметрлерін ескере отырып, Оңтүстік Қытай теңізіндегі Қытай мен Америка арасындағы бәсекелестік Органскийдің қуат ауысу теориясына сәйкестендіріп қарастырсақ болады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы АҚШ басқа мемлекеттердің геосаясаты мен қалауын қалыптастыру үшін «қатты» және «жұмсақ» қуатты (соның ішінде экономикалық және мәдени әсерді) қолдана отырып, Оңтүстік Қытай теңізіне үстемікке ұмтылды. Нәтижесінде, қуатты және сенімді байланыс орната алды. Алайда, жақында, Америка Құрама Штаттарының жұмсақ саясаты мен қысымына қарамастан, оның одақтастары, оның ішінде Филиппин, Австралия және Жапония, Америка Құрама Штаттарының Бейжіңнің талаптарына қарсы Оңтүстік Қытай теңізіне қысым көрсетуге қосылу туралы өтінішінен бас тартты. Сонымен қатар, Индонезия Америка Құрама Штаттарының аймақтағы күш болжамдарын құптамады. Сол сияқты, 2014 жылы Тайландтағы әскери төңкерістен кейін АҚШ бұл елмен қарым-қатынасы жақсы болмады, ал Бангкок Қытайға қарай ұмтылған сияқты.

Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізіндегі милитаризациясы Қытайдың Солтүстік Америка күшінің нұқсан келтіруінен құтылуға деген жаңа ұмтылыс пен сенімділіктің бар екендігін көрсетеді. Қытайдың жаппай әскери техникасы мен кемелері болуы мүмкін аэродромдарға, порттарға және жасанды аралдарға инвестиция салудан басқа, түрлі сенімді деректер Бейжіңнің Оңтүстік Қытай теңізінде бірнеше атом электр станцияларын салу ниетін көрсетеді. Қытай Америка Құрама Штаттарының Оңтүстік Қытай теңізі аймағындағы ықпалын сақтап қалуды қиындататын құрал ретінде Оңтүстік Қытай теңізін стратегиялық нысанаға алады. Оңтүстік Қытай теңізінде теңіз және әуе қондырғыларын құру арқылы Қытай Құрама Штаттарымен серіктес Оңтүстік Қытай теңізі арқылы

Қытайға қарсы әңгімелер мен басқа талап қоюшы мемлекеттерге қарсы тұру үшін Американың материалдық және саяси шығындарын едәуір арттыруға ниетті. Қысқа мерзімді келешекте Қытай міндетті түрде АҚШ-пен соғыста жеңіске ұмтылуды көздемейді. Алайда, Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізде тек әскери күш ұстап тұруы, Құрама Штаттарды Қытайға қарсы әскери күш қолданудан тосқауыл қою үшін жеткілікті. Осыған байланысты, Оңтүстік Қытай теңізі айналасындағы Құрама Штаттар басқаратын аймақтық тәртіп ауыр міндеттерге тап болады. АСЕАН мүшелігіндегі 10 мемлекетпен және аймақтағы АҚШ одақтастары Оңтүстік Корея, Жаңа Зеландия, Жапония және Австралиямен әлемдегі ең ірі сауда келісімі, Аймақтық кешенді экономикалық серіктестік (RCEP) келісіміне қол қойғаннан кейін Қытай, қазіргі таңда жаһандану мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа қол жеткізудің «жеңісі» деп қабылдаған еді [8].

Қытайдың күшейуі әлемдік тәртіптегі позициясын нығайтты және қолданыстағы державалардан қарсы шығу болдырмау қабілетін нығайтты. Қытай күтпеген жерден әлемдік саясат сахнасында Құрама Штаттарының үстемдігінің қарсыласы ретінде көтерілді, сонымен қатар Америкадан асып, 2020 жылдың қазанында әлемдегі ең ірі экономикаға айналды. Қытай АҚШ басып озады ма, жоқ па деген пікірталастар мен экономикалық болжамдар қазір шешуші болып табылады. Дегенмен, бұл жүйеде ең күшті және қабілетті күш екенін көрсетпейді. Қытай қосарланған экономикаға ие бола алады, пропорционалды ғылыми-техникалық күшке ие бола алады, бірақ егер ол бұл мүмкіндікті супер әскери державаға айналдырмаса, Америка Құрама Штаттары басымдылыққа ие болады. Бұл процесс қарсылас статус-кво сақтап қалу үшін үстем билікті алмастырады деп дәлелдейді. Сонымен қатар, аймақтағы Солтүстік Американың қатысуын күшейту жағдайында Қытайдың дәстүрлі түрде АҚШ одақтастары болған Азиядағы кішігірім мемлекеттермен екіжақты байланыстарды үзіліссіз нығайта түсуі АҚШ Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ықпалына елеулі қиындық туғызады.

Қытайдың экономикалық және әскери қуаттылығының артуына байланысты Америка Құрама Штаттары мен оның одақтастары түрлі қарсы шараларды тұжырымдады және енгізді. Біріншіден, 2018 жылы Австралия, Жапония, Үндістан және Америка Құрама Штаттарын қамтитын төртжақты қауіпсіздік диалогы заңға негізделген әлемдік тәртіпке қарсы қауіп-қатерлерге үйлестірілген жауап беруге бағытталған. Екіншіден, 2020 жылы бес жақты барлау альянсы (құрамында Жаңа Зеландия, Канада, Австралия, Ұлыбритания және АҚШ бар) Қытайдың шетелдік қызметі туралы құпия ақпаратпен алмасуды жеңілдету үшін Жапония мен Германиямен ынтымақтастықты арттырды. Үшіншіден, Солтүстік Американың Шығыс Азиядағы ең мықты одақтасы Жапония Оңтүстік Қытай теңізіне басқа талап қоюшы мемлекеттермен, оның ішінде Филиппин мен Вьетнаммен әскери ынтымақтастығын арттырды, ал Америка Құрама Штаттары Оңтүстік Қытай теңізінде әскери жаттығуларын күрт арттырды. Сондықтан, Қытай Оңтүстік Қытай теңізін милитаризациялауға және мелиорациялық әрекеттерге жауап ретінде, шағын талап қоюшы мемлекеттер өздерінің әскери қорғаныс аппараттарын күшейте бастады және Америка Құрама Штаттардың көмегіне ашық позиция ұстанады.

Соған қарамастан, Қытайдың тұрақтылығына қарсы тұру қиын, әсіресе оның мемлекеттік нығайып келе жатқан өзіндік күшке сенімділігі. Сол сияқты, Қытай өзінің стратегиялық ойлауына және өзінің ықпалдылығын дәлелдейтін сыртқы саясатына негізделген бүкіл Азия бойынша одақтас-тары бар[16]. Қытай бейбітшілікті дамытатын тәуелсіз сыртқы саясатты, оның ішінде аумақтық тұтастығын, тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалу үшін қолайлы жаһандық жағдай жасау арқылы өзіндік саясатын жүргізеді. Қытай-араб қарым-қатынастарымен қатар, Қытай маңызды күш болып қала береді, тіпті Америка Құрама Штаттары Азиядағы елдермен қарым-қатынас орнатса да, Қытайды тез арада қарсылас ретінде жеңу қиын. Қытай 1990 жж. бастап Оңтүстік Қытай теңізінде жасырын миссияға ие болды. Бұл аймақтық басым держава болмаса да немесе гибридік мәжбүрлеу стратегиясын қабылдаса да, оның миссиясы – Оңтүстік Қытай теңізін өз мақсаттарын теңестіру, өз құқықтарын қорғау және аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету. Тепе-теңдік стратегиясы қарапайым емес, ал 2009 жылдан бастап өсіп келе жатқан күш өзінің позициясын өзгертті, бұл аймақтық геосаясатта өзінің лайықты орнын көрсетті. Бұл стратегия 2013 жылы Си Төрағаның Қытай өзінің құқықтары мен тұрақтылығының тепе-теңдігіне қол жеткізгісі келетінін жариялағаннан кейін белгілі болды. Алайда, Бейжіңнің күшейуі сөзсіз, бірақ АҚШ жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) қытайлық ЖІӨ қарағанда 50% артық болды. Құрама Штаттардың жаһандық экономикадағы үлесі 1980 жылмен салыстырғанда өзгермеді, бұл ел жалпыға бірдей ЖІӨ 25,2% құрады. 2018 жылы Солтүстік Американың әлемдік ЖІӨ үлесі 24,1% құрады. Қытай экономикасы өскенімен, ол АҚШ есебінен емес, басқа дамыған елдердің есебінен өсті. 2018 жылға қарай Қытайдың ЖІӨ 1980 жылғы 1,7%

салыстырғанда 15,9% өсті. Оның үстіне 2007 жылы 14,2%-ға жеткеннен кейін Қытайдың ЖІӨ біртіндеп төмендеді. Үнді-Тынық мұхиты сауалнамалары Америка Құрама Штаттарының ең жақсы жылдарының өткенін көрсетсе де, Қытай үшін аймақтық мақұлдау рейтингісі төмендеді. Алайда, бұл сандар оның соңғы жетістігінің әсерлі шындығын көрсетпейді: Қытайдың кедейлікті жоюы жағдайында, 2021 жылғы Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша, Қытай өзінің 800 миллионнан астам халқын кедейліктен шығару кереметін жасады [8].

Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы әскери күш тұрғысынан алғанда, Солтүстік Америкада 370 мыңнан астам әскери қызметшілер мен мердігерлер, 200 теңіз флоты мен сүңгуір қайықтары және 2000 ұшақ бар. Американың Тынық мұхиты флоты әлемдегі ең ірі флот болып қала береді, ал оның Тынық мұхиты әуе күштері әлемдегі екінші үлкен әуе күштерінен тұрады. Америка Құрама Штаттарының Тынық мұхиты аймағында бес серіктесі бар, оларды негізгі қауіпсіздік серіктестері толықтырады, сонымен қатар көптеген әскери базалар. Америка Құрама Штаттарының Үнді-Тынық мұхиты аймағына тікелей инвестиция көлемі Қытайдан, Оңтүстік Кореядан және Жапониядан асып түседі, ал оның аймақтағы коммерциялық қызметі жылына 2,3 триллион долларға жуықтайды [15]. Сонымен қатар, Құрама Штаттарының аймақтағы әскери және стратегиялық ізі кеңейе түсуде, әсіресе 2011 жылы Asia Pivot жарияланғаннан кейін, бұл 20 000 -нан астам әскердің көбеюіне әкелді [9]. Бұл Жапонияға ең озық теңіз технологияларын әкелді, сонымен қатар Сингапурда жаңа жауынгерлік кемелер әкелді. Вашингтон әскери базаларға кіру үшін Жапониямен қорғаныс нұсқауларын және Филиппинмен қорғаныс пактісін жаңартты. Жаңа Солтүстік Америка теңіз қауіпсіздігі бастамасы Оңтүстік Қытай теңізінің таңдаулы серіктестеріне қауіпсіздік көмегін бөлді. Сонымен қатар, Бостандық навигациясының күшті операциясы Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізіне жариялаған заңсыз талаптарына қарсы шықты. Соңғы жылдары Америка Құрама Штаттары АСЕАН елдерімен бірлескен әскери жаттығулар өткізді, сонымен қатар Филиппинмен, Жапониямен және Үндістанмен аймақта бірлескен жаттығулар өткізді.

Сонымен қатар, президент Байден одақтастардың бірыңғай фронтына бәс тігуде, бұл еркін және ашық Оңтүстік Қытай теңізін ілгерілетуге және Қытайдың аумақтық амбициясын қамтитын жаңа ережеге негізделген; Конгресс 2018 жылы Азияға кепілдік беру бастамасы бойынша Үнді-Тынық мұхиты саясатын қолдады [10]. Сонымен қатар, 2018 жылы Бейжіңнің «Бір белдеу және бір жол» бастамасына сынның күшеюі кезінде Трамп әкімшілігі Оңтүстік Қытай теңізінде ашық инфрақұрылымды қолдау үшін бірнеше бастамалар енгізді ( Үнді-Тынық мұхиты ашықтығы бастамасы, Build Act, және Asian Edge бағдарламасы). Сондықтан Бейжің Вашингтонды Оңтүстік Қытай теңізіндегі басым күш ретінде алмастыра алатындығы белгісіз. Барлығы бірнеше факторларға байланысты, бірақ АҚШ стратегиясы мен оның нәтижесі Оңтүстік Қытай теңізінің болашақ көшбасшылығын белгілейтін шешуші элементтер болып табылады.

### **Пікірсапа**

Жаңа саяси көзқарастар бойынша, 2009 жылға қарай Америка-Қытай күштерінің ауысуы жаңа кезеңге өтті, ол 2050 жылға дейін созылуы мүмкін деген сараптамалар басым. Оның ең айқындалатын жағы – жүйе көшбасшысы мен өсіп келе жатқан қуат арасындағы алшақтықты азайту. Бір жағынан, жүйе көшбасшысы жаңадан пайда болған Бейжіңге және оның жаһандық тәртіпке әсеріне қатысты стратегиялық аландаушылық пен мазасыздықты дамытты. Бірақ, керісінше, қолданыстағы көшбасшы әлі де өсіп келе жатқан билікті қалыптастыруға, басқаруға және әсер етуге ниетті. Сонымен қатар, оның үстемдігі мен гегемониясы жойылғанмен, Америка Құрама Штаттары жаңадан келген адамға қарсы күшті позиция ұстауға немесе тіпті күшейіп келе жатқан билікті бұзу үшін қорғаныс соққысын жасауға тырысады. Керісінше, Қытай өзінің мүмкіндіктеріне сенімді болуда.

2014 ж. Миршеймердің реализм теориясына аясындағы ұстанымдарына сәйкес, көтеріліп келе жатқан қарсылас пен құлдырап бара жатқан жүйе көшбасшысы арасындағы көшбасшылық үшін «соғыстың болуы» мүмкін емес. Соғыс төмендеп келе жатқан көшбасшылық статус-кво сақтауға тырысқанда болады, өйткені қарсылас жаһандық жүйені оның мүдделерін қолдайтын жаңа тәртіпке қайта құрылымдауға тырысады. Керісінше, биліктің төмендеуі мен оның серіктестерінің жойқын соғыстан аулақ болуының дипломатиялық өлшемін жақсартады. Шифринсон 2020 жылы жоғары билік пен төмендеп келе жатқан көшбасшылық арасында бейбіт түрде билік ауысуы мүмкін екенін атап өтті, себебі екіншісі оның басымдылығын ұзарту үшін әр түрлі әдістерді қолдана алады. Нәтижесінде, өсіп келе жатқан билік құлап бара жатқан үстем мемлекетке қарсы тұруға батылы бармауы мүмкін.

